

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ КӨКШЕТАУ
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

"ШОҚАН ТАҒЫЛЫМЫ - 7"

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік
университетінің құрылғанының 40 жылдығына арналған
Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
материалдары

"ВАЛИХАНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ - 7"

материалы Международной научно-практической
конференции, посвященной 40-летию образования
Кокшетауского государственного университета
им. Ш. Уалиханова

ТОМ – 4

Көкшетау, 2002

Макал-мәтел, нақыл сөздердің танымдық мәні

Өміртаева Р. К.

№4 қазақ мектеп гимназиясы (Астана қ.)

Кай халыктың болса да ауыз әдебиетінде макал мен мәтел көлемі шағын, мазмұны бай, тілі көркем жанрга жатады. Макал-мәтелдер өзін жасаушы халықпен бірге жасайды, біреулері ескіріп колданудан шығып, екіншілері жасарып, жаңадан туындал жатады.

Халық шығармасының баска түрлері сиякты макал мен мәтеллерді де әуел баста жеке адамдар шығаралы, оны біреуден біреу естіп, жаттап айта жүреді, өндейді, өзгертеді, сөйтіп олар бірте-бірте жалпы халыктық мұраға айналады. Демек, макал-мәтелді белгілі бір халыктың өмірде көрген-білгенінен жасаған корытындысы, ақыл-ой түйіні деуге болады.

Макал мен мәтелдердің өміршілдігі-тілінің көркемлігі мен мазмұнының теренділігінде, аз сөзбен көп мағына беретіндігіне, еске сактауға колайлылығында.

Макал-мәтел адам тұрмысындағы атуан түрлі уакиғаларды, карым-катынастарды қыска, тұжырымды тілмен түсіндіреді; айтылmas ойды ажарлайды, әрі аныктайды. Сондыктan да халық *Сөздің көркі-макал* деп бағалаған.

Макал мен мәтел халыктың өзі жасап алған заны, өмірде болатын әр түрлі жағдайларды үғындыратын, түсіндіретін оку құралы іспетті. Макал-мәтелде, көбінесе, ортак ой, жалпы ереже, аныкталған қағидалар айтылады, формасы жағынан тілге женил, құлаққа жағымды дыбысқа, ырғак-үйкаска құрылады, көбіне көркем тілмен-өлеңмен жасады.

Макал-мәтел-кос мағынаты шығарма, онда көбінесе тұра мағынамен катар астарлы мағына да болады. Тұра мағына мысал ретінде альянды да негізі ой астарлап айтылады.

Масалы: *Тыңадан қарауыл қойсан, төбеңнен қику кептес.*

Макал-мәтел, әдетте, бүкіл адам баласына ортак. Сондыктan бір халыктың макалын екінші халық төл шығармасындағы кабылдай береді. Көптеген макал-мәтелдер көнермей көп жасайды, әлденеше үрпакка, коғамға қызмет етеді. *Малым жаным садағасы, жаным арым садағасы;* *Қоянды қамыс өйтірер, ерді қамыс өйтірер* дейтін ежелгі халық макалдары Ұлы Отан соғысы кезінде де ел аузынан түскен жоқ, елдегі енбеккерлерді, майдандағы жауынгерлерді жігерлендіретін құдіретті сөзге, ұранға айналды.

Макал-мәтелдердің шығу, даму тарихын когам өмірінен, әлеуметтік ой-сананың өсуінен бөліп карауға болмайды.

Таудай талап бергеніше. Барыңқратай бақ берсін; Ісінің ағына қарама, мәндаійның; багына қара дейтін макаллар өткен көгамның санасынан елес берсе, Талапты ерге нұр жауап; Еңбек етсек емерсің дейтін макалдар хатық сана—сезімінің өскен кезін бейнелейді. Ал Оқу-омір шырағы, кітап-білім бұлагы; Отан үшін отқа түс-күймейсің дейтін макалдар жана заманның, біздің көгамның ой—санасының туған.

Макал-мәтелдер ауызекі сөзді көркейту үшін ғана емес, көркем шығармаларда халық даналығын пайдаланумен бірге, сол үлгімен өздері де жана макал-мәтеллер жасайды. Ұбырай Алтынсариннің *Аш бала тоқ баламен ойнамайты*, *тоқ бала аш болам деп ойнамайты* дейтін сөзі макалға айналып кеткені белгілі. Сұлтанмахмұт Горайғыровтың *Ішінде ит өлігі жатқан* дейтін өлең жолы арам ойлы зымиян адамдарды осінелейтін мәтеп болып кеткен, Мұхтар Әuezовтың «Абай жолы» романындағы *Күйі бірдің күні бір* дейтін сөзін де жана макалға жатқызуға болады.

Ақын-жазушылар ғана емес, ана тілінде таза сейлеп жаза білетін әрбір мәдениетті адам макал-мәтелді колданып қана коймайды, сонымен бірге оны өндейді, өз жағынан да жана макал-мәтелдер шығаралы, сейтіп халықтың даналық коры байып жатады. Макал-мәтелдер-ертек, аныз әнгіме, батырлық-ғашықтық жырлар, кара өлеңдер секілді халық шығармаларымен катар жасап келе жаткан көне жанр. Олай дейтініміз X I I-X I I I ғасырлардан сакталған сирек жазба деректерде де макал-мәтелдері кездестіруге болады. Орхон жазуларында: *Жұрақ болса жаман сыйытқ берер, жақын болса жақсы сыйытқ берер;* *Бастыны еңкейткен, тізеліні бүктірғен* (*Күлтегіннен*); *Жұқаны таптау оңай, жінішкені ұл оңай;* *Өлімнен үят құшті* (*Тонықөктен*) деген макал-мәтелдерді окимыз. Ал Махмұт Қашқаридің «Диваш лугат ат-турік» создігінен: *Ұлық болсаң кішік бол..., Тай ат болса—ат тынар, ұл ер болса—ата тынар;* *Күз болары қоктемінен мәлім;* *Tau тауга қосылmas, адам адаммен орқашан қосылар;* *Бейнет түбі—рақат дейтін макалларды окимыз.*

Казактың макал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым—Ш.Уәлиханов. И.Н.Березин мен Ш.Уәлиханов архивтерінде XIX ғасырдың елуінші жылдарында ел азынан жазып алғанған екі жұзден аса макал-мәтел сакталған. Солардың ішінде күні бүгінгіге дейін күнын жоймаған Ақыл – дария, қоғіл-дулдул, Тоты құс бойын көріп зорланады, аяғын көріп қорланады дейтін макал-мәтелдер бар.

Казак ауыз әдебиетінің нұскаларын сонын ішінде казак макал-мәтелдерін жариялауда Орынборда 1879 жылы шықкан, 1906 жылы толықтырылып қайта басылған ІІ.Алтынсарин хрестоматиясының златын орны ерекше. Хрестоматияда казак макал-мәтелдерінің ең таңдаулы нұскалары тақырыпқа белініп жүйеленген.

Макал-мәтелдердің революциядан бергі басытымдарына тән ерекшеліктер—материалдар идеялық мазмұнына, көркемдік құндылығына карай, тақырыптың принципен жүйеленген. Барлығына дерлік азды-

кепті түсіндірме–алғы сөздер бар. Бұл жерде казак ауыз әдебиетінің жанашып жинаушысы Ө.Тұрманжановтың енбегін ерекше атап керек. Ол құрастырган макал–мәтелдер жинактары идеялық және көркемдік жағынан таңдал алғынымен, такырыбы мен мазмұнына қарай жүйелеп түзетілуімен және басқа жинактарға қарағанда әлде кайда толыктығымен дараланады. Алайда, бұл жинактар да кемшіліксіз емес. Құрастыруышы жинактарға халықтың көне көзқарасын, ианым–сенімдерін көрсететін бірсыпта ежелгі макал–мәтелдерді енгізбеген. Макал–мәтел қошпелі елдің тұрмысынан туып, сол халық өмірінің барлық саласын камтитынын, бейнелейтінің көрсете келіп, С.Сейфуллин жалпы ауыз әдебиетіне ортак бір ой таstadtы.

«Ауыз әдебиетінің кай белімі болса да, –дейді ол, –сол заманның тұрмысының қандай болғанын, тұрмыстың әсерімен ол тұрмыска үксап туған сана, қандай сөз, қандай әдебиет болғанын көрсетеді. Заманына қарай құлқісі, тауына қарай тұлқісі; Сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі деген ереже сөздер әр заманың тілі, көркем сөзі, әдебиеті сол заманың салы–санасына, тұрмысына үксай туды деген сөзді қуаттайды». Демек, әдеби мұра оны тудырган уақыттеп, қоғам мұддесімен, мұратымен тығыз байланыста қаралып бағалануға тиіс.

Макал–мәтел халықтың сан ғасырлық көрген–білгенінен, бастаң кешкен уақыттарынан корыткан ақыл–оійнын жиынтығы, анықтамасы, табиғатта өмірде үнемі қайталап тұратын құбылыстармен байланыста туған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні. Әр халықтың макал–мәтелі–сол халықтың өзі жасап алған логикалық формуласы, ережесі. Сөйтіп, көп ойланузы, ұзак баяндауды керек ететін киын нәрсени жеп–жөніл, бір–ақ ауыз сөзben түсіндіреді, үғындырады. Тұған елдің қадір–қасиеті туралы балаға ұзак әнгімелемей–ак: *Ел іши алтын бесік; Кіци елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол* деп екі–үш ауыз сөзben Отан қалірін үғындыруға болады. Макал мен мәтел– егіз де туыс жанр. Дегенмен мағынасына құрылышына аткаратын қызметтіне қарағанда өзіндік айырмашылықтары бар.

Макал–аяқталған тиянекты ойды білдіреді, өз алдына тұрып та дербес мағына береді. Мысалы: “*Толмасқа қүйма, тоймасқа берме*”. Ал мәтел жеке тұрып тиянекты ойды бере алмайды, тек белгілі бір ой, пікірді ажарлау, айқындау үшін колданылады: эпитет, тенеу қызметтерін аткарады. Мысалы: “Ат койып, айдар тағып,” “Көргеннен көз акы алған” деген мәтелдер тиянекты ойды білдіріп тұрган жок.

Макал мен мәтелдің осындағы даралық ерекшеліктерін түсіндіре келіп белгілі этнограф, жазушы В.И. Даляр:

“Макал–халық сөзімен зертканда–дән, ал мәтел–гүл ”–деген. Макал – мәтелге жақын жанрлар–шешендік сөздер мен нақыл сөздер. Накыл сөз акыл, қасиет үғымын білдіреді, кейде оны тағылым, ғибрат деп те атайды. Шешендік пен нақыл сөздердің мазмұны мен мағынасы жағынан өзара үкастықтары көп, кейде макал мен мәтелдерден ажырату киын.

Накыл, канатты сөздер макал-мәтелдерге өте үкес. Олардың өзара жақындығы сонша-ішкі-сырткы күрылымы мазмұны жағынан бір-бірінен ажырату киын. Кейде жеке адамның айтуынан таралған, немесе белгілі бір оқиға, күбылыстардың нәтижесінде шықкан, тарихи дерегі бар канатты сөздер макал-мәтел ретінде айтылса, енді бір жағдайда ежелден ел аузында келе жаткан макал-мәтелдер үшкір нақыл сөз орнына жүре береді.

- 1) Накыл сөздердің көбінесе белгілі бір авторлар болады Мысалы: «Абай сөздері», «Махамбет айтыпты», «Ыбрай еснеті» т.б
- 2) Накыл сөздердің көбінесе шықкан тегі, тарихи дерегі болады. «Накыл сөз мына бір оқиғадан қалыпты», «Бұл сөздің шығуына мынадай себеп болыпты » деп, ел аныз етеді. Ал макал-мәтелдерде, біріншіден авторының кім екені белгісіз болса, екінші жағынан оның шықкан дерегі накыл сөздердей анық бола бермейді. Яғни макал-мәтелдердің авторы халық болып табылады.

Тарихты жасайтын халық деген сөздерін философиялық пікір бар. Ал казақ философиялық бала тәрбиесіне аса зор мән береді. Өйткені үрпак – біздің болашағымыз. Оны әбден түсінген халық *Балаңды беске дейін патшаңдай күт, жеті жастан он беске дейін қосшыңдай сана, ал он бестен кейін құрдасыңдай сыйла* деген ұлафатты сөзін ұмытпауды талап етеді.

Макал-мәтелдер мен накыл сөздердің бүгінгі жас қауымды тәрбиелеудегі танымдық мәні зор екені шексіз.

Әлебиеттер

- 1) Б.Адамбаев Халық даналығы «Мектеп» 76.
- 2) Н.Төрекұлов Накыл сөздердің тәрбиелік мәні, Алматы, 1971
- 3) М.Тілеужанов Халық тағылымы. Алматы «Рауан» 1996